

## Техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге асыруға арналған ведомствоаралық комиссия құру туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы № 197 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 453 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі № 712-1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003 - 2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 5.3.3.3-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге асыруға арналған ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министри**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 2 наурыздағы  
№ 197 қаулысына

қосымша

## Техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге асыруға арналған ведомствоаралық комиссияның құрамы

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.02.17 № 174, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.29 № 2244 Қаулыларымен.**

Исекешев	- Қазақстан Республикасының Индустрія
Әсет Өрентайұлы	және сауда министрі, төраға
Мұхамбетов	- Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда
Ғабит Мұхамбетұлы	министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары

Момышев	- Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда
Талғат Амангелдіұлы	министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының орынбасары, хатшы
Беккер	- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
Владимир Робертович	министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті төрағасының орынбасары
Сәдуақасов	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Нұрхан Олжабайұлы	министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті төрағасының орынбасары
Веснин	- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
Виктор Николаевич	министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті төрағасының орынбасары
Ким	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің
Александр	
Афанасьевич	Атом энергетикасы комитеті төрағасының орынбасары
Могильный	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Валерий Валентинович	министрлігінің Ғылым комитеті төрағасының орынбасары
Сабыров	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Дәлелхан Қамалбекұлы	министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес комитеті төрағасының орынбасары
Баймұратов	- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және
Әбілхан Есенұлы	байланыс агенттігі Байланыс департаментінің директоры
Брагин	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны
Александр Геннадиевич	қорғау министрлігі Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры
Елеусізова	- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және
Құралай Болатқызы	байланыс агенттігі Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры
Епбаева	- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Айгүл Тоқтарханқызы	Өндіріс статистикасы департаментінің директоры
Сәлімбаев	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
Данияр Жакұлы	министрлігі Стратегиялық жоспарлау және

көліктік коммуникация кешенін дамыту  
департаментінің директоры

- Асқарова - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Құбыр жолдары және су көрізі жүйелері саласындағы реттеу департаментінің директоры
- Аида Геннадийқызы Сарбасов - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік Еңбек және әлеуметтік серіктестік департаментінің директоры
- Ақмәди Әділұлы Тоқсейітова - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаментінің директоры
- Амангалиұлы Бірекешев Серікқали - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары
- Амангалиұлы Кәменов Фалым Нұржанұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті арнайы ақпарат қызметінің директоры (келісім бойынша)
- Амангалиұлы Тлебаев Манат Бейшенұлы - "Инжинииринг және трансферттік технологиялар орталығы" акционерлік қоғамы Технологиялар трансферті департаментінің директоры
- Амангалиұлы Иса Әбжаппар Укібайұлы - "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы Техникалық комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
- Амангалиұлы Сапарғалиев Мұхат Жоламанұлы - «Ұлттық аккредиттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша)
- Амангалиұлы Худова Любовь Николаевна - Қазақстан Республикасы Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастырының басқарма төрағасы (келісім бойынша)
- Амангалиұлы Тюгина Ирина Валерьевна - "Астана қаласы кәсіпкерлерінің құқығын қорғау қауымдастыры" директорының орынбасары (келісім бойынша)

**Техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге асыруға  
арналған ведомствоаралық комиссия туралы  
ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге асыруға арналған ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін және осы ережені басшылық қа алады .

3. Комиссияның шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

## **2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары**

### **4. Комиссияның негізгі міндеттері:**

1) техникалық реттеу жүйесіне көшуді жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу бойынша ұсыныстар жасау;

2) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын анықтау жөнінде, техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдер талаптарының орындалуын мемлекеттік бақылау тетігін әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау;

3) Қазақстан Республикасында сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеуді жетілдіру және дамытуға жәрдемдесу жөнінде ұсыныстар дайындау болып табылады .

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Үкіметінің 2009.02.17 N 174  
Қ а у л ы с ы м е н .**

### **5. Комиссияның функциялары:**

1) мемлекеттік органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын талдауды жүзеге асыру, техникалық реттеу жүйесін жетілдіру мәселелері жөнінде ұсынымдар әзірлеу және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу;

2) әзірлеуге ұсынылатын техникалық регламенттердің тұжырымдамаларын алдын ала қарау қорытындылары бойынша техникалық регламенттерді әзірлеу

жөнінде

ұсыныстар

дайындау.

Ескерту. 5-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.02.17 N 174, 2009.12.29 № 2244 Қаулыларымен.

### 3. Комиссияның құқықтары

#### 6. Комиссияның:

1) Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті мемлекеттік органдардан материалдарды сұратуға және алуға;

2) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер алу үшін мемлекеттік органдардың және мемлекеттік ғылыми-зерттеу үйымдарының мамандарын қажеттілігіне қарай тартуға;

3) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың және өзге де үйымдардың өкілдерін Комиссия отырыстарында тұңдауға;

4) техникалық реттеу саласындағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге.

### 4. Комиссияның жұмысын үйымдастыру

7. Комиссия Төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарға төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комиссия жүзеге асыратын қызметке дербес жауап береді, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

Ескерту. 7-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.21 N 790 қаулысымен.

8. Комиссия мүшелері ұсынатын кезекті отырыстың күн тәртібінің жобасына енгізуге арналған мәселелер оларды қарау орындылығының негіздемесімен отырысты өткізу жоспарланған мерзімге дейін 30 күннен кешіктірмей электрондық түрде Комиссия хатшысына жіберіледі. Комиссия отырысын өткізуге материалдар дайындауды Комиссия хатшысы жүзеге асырады, ол отырыска дейін 3 күннен кешіктірмей барлық қажетті құжаттарды Комиссия мүшелеріне жібереді. Хатшы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.

Ескерту. 8-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.21 N 790 қаулысымен.

9. Комиссия отырыстары тоқсанына бір рет өткізіледі. Комиссия отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан кезде заңды д е п е с е п т е л е д і .

10. Комиссия шешімдері отырысқа қатысушылардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

1) Комиссия мүшелері жазбаша түрде баяндалатын және Комиссияның хат-есебіне қоса берілетін ерекше пікірге құқығы бар.

2) Комиссия отырыстарының өткізілу нәтижелері бойынша барлық мүшелері міндettі түрде қол қоятын хаттама жасалады.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.21 N 790 қаулысымен.**

11. Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Комиссияның жұмыс органды болып табылады, ол Комиссия отырыстарының арасындағы кезенде оның ұйымдастыру мәселелерін шешеді.